

ЭКОТУРИЗМ

Тақырып; *ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨСІРУ*

Дайындаған; Дампил Аман

Қабылдаған; Адешова Айгуль

- Кіріспе
 - Жануарлар экологиясы
 - Жануарлар
 - ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨСІРУ
 - Жануарлар санының азаюына адамдардың тигізетін әсері
 - Жануарлар табиғаттағы және адам шаруашылығындағы маңызы зор
-

- **Жануарлар экологиясы** – экологияның бір саласы. Бұл салада экожүйедегі популяцияның тіршілік ету заңдылықтары анықталып, жануарлардың қоршаған ортаға бейімделуі зерттеледі. Қоршаған ортада болып жатқан антропогендік факторлар жануарлар тіршілігін өзгертіп, тіпті кейбір түрлерінің жойылып кетуіне әкеледі. Қоршаған ортаға адамның тигізген іс-әрекетінің нәтижесінде, сондай-ақ технологиялық қалдықтар мен радиоактивтік заттардың, әртүрлі табиғатта болып жататын апаттардың әсерінен ауа, ландшафт құрамының бұзылуы, топырақтың ластануы – жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесіне елеулі өзгерістер әкеледі. Мысалы, 20-ғасырдың 50-жылдарындағы Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде сол аймақта тіршілік ететін омыртқасыз жануарлардың 70%-ы жойылып кетті. 20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап, Арал теңізінің тартылуына байланысты бағалы балықтар (сазан, қаяз, ақмарқа, т.б) құрып кетті. Омыртқалы жануарлардың 125 түрі және омыртқасыз жануарлардың 105 түрі Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Осыған орай, жануарлар экологиясы – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі.
-

- **Жануарлар** (лат. Animalia) — тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі; негізінен, дайын органикалық қосылыстармен қоректенетін гетеротрофты организмдер. Жануарлар құрылысына қарай бір жасушалы организмдер және көп жасушалылар болып екі топқа бөлінеді. Жер бетінде жануарлар прокариоттар (ядросыз организмдер), балдырлар, саңырауқұлақтардан кейін пайда болған. Палеонтологиялық зерттеулерге қарағанда олардың жасы – 0,8 млрд. жылдан аспайды (1998). Жануарлардың дамуы да қоршаған ортаның эволюциялық дамуына сәйкес қалыптасқан. Эволюциялық өзгерістер сыртқы ортаның өзгерісіне организмдердің бейімделуімен ұштасады. Мысалы, құрлық жануарларының арғы тегі су жануарлары болып саналады. Ал қоршаған ортаға бейімделе алмаған құрлық жануарлары бұрынғы тіршілік ортасында қалып қойған. Жануарлардың қазба қалдықтарын зерттеу нәтижесі қарапайым организмдердің архей эрасында мұхиттарда бұдан 1 – 1,5 млрд. жыл бұрын жасуша формасында хлорофилсіз амеба тәрізді талшықтылар түрінде пайда болған деп жорамалдауға мүмкіндік береді. Протерозой эрасында тіршілік еткен жануарлар қалдықтарынан радиоляриялар, фораминифералардың іздері, губкалардың қаңқалары, буылтық құрттардың түтікшелері, моллюскілердің бақалшақтары, тіпті буынаяқтылардың да қалдықтары табылған. Жануарларда ас қорыту, қан айналу, жүйке жүйесі, сезім және жыныс]органдары, тыныс алу, зәр шығару жүйесі жақсы жетілген. Дүние жүзінде жануарлардың 1,6 млн-дай түрі, 17 типі бар. Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы өте зор: көпшілігі пайдалы болып табылады. Азық-түлік, әртүрлі өнеркәсіп шикізатын: ет, май, сүт, тері, жүн, бал, жібек, мүйіз, бақалшақ, т.б. береді. Сондай-ақ, олар – ауыл шаруашылық дақылдарының тозандатушылары, топырақ түзушілері, басқа жануарларға азық қорлары, органикалық заттардың ыдыратушылары болып табылады. Жануарлардың өнімділігін арттыруды, тиімді пайдалануды және табиғаттағы қорын сақтауды зоология ғылымы мен оның салалары зерттейді.
-

Жануарлар табиғаттағы және адам шаруашылығындағы маңызы зор.

- Табиғатта жануарлар мен өсімдіктер бір-бірімен тығыз байланысты болады. Жануарлар тек өсімдіктермен қоректеніп қана қоймайды, сонымен қатар оларға пайда да келтіреді. Олар атмосфераны көмірқышқыл газымен байытады, топырақты қилармен тыңайтады, өсімдіктерді тозаңдандырады (насекомдар, кейбір құстар) және өсімдіктердің бір ауданан екінші ауданға таралуына көмектеседі.
 - Жер бетінде және суда өмір сүретін хайуанаттар адам баласына тамақ, бағалы аң терлерін және тағы басқа да шикі заттар береді. Бүгінде дүние жүзі халықтарының жартысына жуығына белоктік заттар жетіспейді. Оның ішінде хайуанатарда алынатын белокты заттардың жетіспеуі 3 млн тоннаға жетеді. Бұл 15 млн тонна ет деген сөз. Сондықтан да мал шаруашылығын ғана дамытып қоймай, сонымен қатар балық және аңшылық шаруашылықтарын жедел жолға қоюдың да үлкен маңызы да бар. Оны Қазақстан мысалынаң айқын көруге болады.
 - Біздің елімізде табиғат байлықтарының бірі –жануарлар дүниесі. Жалпы көлемі 2754 мың шаршы километр жерді алып жатқан Қазақстан тереториясының ормандары мен кең байтақ жазық даласында, өзен – көлдерінде құнды тері, дәмді тамақ, дәрі – дәрмектік шикі зат беретін жан – жануарлардың көптеген түрлері тіршілік етеді. Оған Қазақстанда балықтың 104 түрі, құстың 488 түрі және сүт – қоректілердің 175 түрі өмір сүретіндігін айтсақ та жеткілікті. Елімізде осындай табиғат байлықтары қорғауға алынып, олардың қорының молаюына мүмкіндік жасау нәтижесінде аң – құстардың бірнеше түрінің саны айтарлықтай өсіп, халық шаруашылығында пайдаланып отыр.
-

- **Пайдаланған әдебиеттер**
 - **<http://www.tpkelbook.com>**
-



- Табиғатта жануарлар мен өсімдіктер бір- бірімен тығыз байланысты болады. Жануарлар тек өсімдіктермен қоректеніп қана қоймайды, сонымен қатар оларға пайда да келтіреді. Олар атмосфераны көмірқышқыл газымен байытады, топырақты қиларымен тыңайтады, өсімдіктерді тозаңдандырады (насекомдар , кейбір құстар) бір ауданнан екінші ауданға таралуына көмектеседі. Жер бетінде және суда өмір сүретін хайуанаттар адам баласына тамақ, бағалы аң түрлерін және тағы басқа да шикізаттар береді. Бүгінде дүние жүзі халықтарының жартысына жуығына белоктік заттар жетіспейді. Оның ішінде хайуанаттардан алынатын белокты заттардың жетіспеуі 3 млн тоннаға жетеді. Бұл 15 млн тонна ет деген сөз. Сондықтан да мал шаруашылығын ғана дамытып қоймай, сонымен қатар балық және аңшылық шаруашылықтарын жедел жолға қоюдың да үлкен маңызы бар. Оны Қазақстан мысалынан айқын көруге болады.
 - Біздің елімізде табиғат байлықтарының бірі – жануарлар дүниесі. Жалпы көлемі 2754 мың шаршы километр жерді алып жатқан Қазақстан территориясының ормандары мен кең байтақ жазық даласында, өзен-көлдерінде құнды тері, дәмді тамақ, дәрі-дәрмектік шикізат беретін жан-жануарлардың көптеген түрлері тіршілік етеді. Оған Қазақстанда балықтың 104 түрі, құстың 488 түрі және сүт-қоректілердің 175 түрі өмір сүретіндігін айтсақ та жеткілікті. Елімізде осындай табиғат байлықтары қорғауға алынып, олардың қорының молаюына мүмкіндік жасау нәтижесінде аң – құстардың бірнеше түрінің саны айтарлықтардың өсіп, халық шаруашылығына пайдаланып отыр. Бұл ретте Қазақстан бағалы аң терісін дайындау жөнінен барлық республикалар ішінен екінші орын алады. Республикамызда тек соңғы бес жылда 16,5 миллион сомға аңдардың бағалы терілері дайындалып, мемлекетке өткізілді. Соңғы он бес жыл ішінде Қазақстанда бір миллион 350 мыңға жуық ақбөкен ауланып, одан 23 – 25 мың тонна ет, 35 – 40 тоннадай дәрі жасалатын мүйіз өндірілді. Тек ақбөкен аулаудан алынған. Жануарлардың белгілі бір тобын қорғау ертеден қолға алынып келеді. Қазақстан конституциясына сәйкес жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікке жатады — бүкіл халықтың игілігі.
-

- Жануарларды қорғау және тиімді пайдалану жөнінде заңдылықтары бірқатар қаулы қарарлармен анықталады. Солардың ішіндегі ең негізгілері: “Жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы”, 1981 ж Қазақстан республикасының заңы, республикалардың табиғатты қорғау туралы заңдары, аң аулау және аңшылық шаруашылық туралы республикалық ережелері, балық қорғау және еліміздің суларындағы балық шаруашылығын реттеу туралы ережелері, аң аулаудың және балық аулаудың жергілікті ережелері.
- “Жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы” заңның бірнеше бөлімдері бар. Олар: жануарлар дүниесін пайдалану; жануарлар дүниесін қорғау; жануарлардың мемлекеттік есебі және жануарлар дүниесінің мемлекеттік қоры; жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалануға бақылау; жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік; халықаралық шарттар.
- Табиғатты қорғау туралы заңдар объектілерді және оларды қорғаудың негізгі жолдарын анықтайды. Мысалы, Қазақстанның “Табиғатты қорғау туралы заңы” аңшылық шаруашылықтың қоры — жануарлардың санын реттеп отыруды және оларды қорғауды, балық шаруашылығын басқа да кәсіпшілік маңызы бар аңдар мен құстарды қолға үйрету және клеткада аңдарды өсіру мақсатында үй жануарларының жаңа тұқымдарын шығаруда тұз жануарларының түрлерінің қажет екендігін тағайындайды (белгіленеді).
- Сирек және құрып бара жатқан жануарлардың түрлері атып жоюдан сақтау үшін қорғауға жатады. Егер жануарлар ауыл шаруашылығына зиянын тигізбесе немесе халықтың денсаулығына әсерін тигізбесе, онда олардың кәсіптік маңызы болмаса да қорғауға алынған..

- Осы заңда қорғау жолдары да көрсетілген: кәсіптік маңызы бар жануарларды аулау ережелерін сақтау, кәсіптік маңызы бар жануарлардың қорын пайдалану
 - үшін олардың тіршілік ортасы мен санын көбейту жағдайын жақсарту, санын реттеу көрсетілген. Жергілікті жерге аңдардың жаңа түрін әкеліп жібергенде, сол жерден жануарға зияны тимейтіндей жағдайлар көрсетілген. Заңының ережелері негізінен кәсіптік маңызы бар балықтарға, аңдарға және құстарға қатысы бар. 1991 жылғы 18 маусымда “Қазақстанда айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы” заң қабылданды. Онда да жануарлар дүниесін қорғау жайында бөлімдер бар.
 - Аңдардың барлығын дерлік аулауды арнайы рұқсат (лицензия) қағазының негізінде ұйымдасқан аңшылық шаруашылықтары жүргізеді. Әуесқойлық және кәсіптік жолмен қандай жануарлардың қай мезгілде және қалай ауланатындығы көрсетілген. Сонымен қатар қай аңды қанша мөлшерде аулауға болатындығы жөнінде де шек қойылады.
 - Көрсетілген заң ережелеріне сәйкес түз жануарлары мемлекеттік меншікке жатады, соған сәйкес оларға деген көзқарас үнемді, тиімді пайдаланылуы қажет. Саны сиреп бара жатқан аңдар мен құстарды, сол сияқты кәсіптік маңызы жоқ пайдалы жануарларды аулауға тыйым салынған.
 - Кімде-кім аулау ережесін бұзатын болса, ондай адамды браконьерлер деп, оларға қарсы күрес жүргізеді, тіпті оларды саптап, дүние мүлкін мемлекет есебіне алады
-

Жануарлар санының азаюына адамдардың тигізетін әсері

- Табиғатта жануарлардың белгілі бір түрінің жойылып кетуі немесе екінші түрдің пайда болуы табиғи заңдылық. Мұның бәрі тарихи дамудың барысында климат жағдайының, ландшафтың өзгеруінен және өз ара тіршілік үшін күресетін нәтижесінде пайда болған құбылыс. Д. Фишердің (1976) есебі бойынша Жер бетінде адамдар пайда болғанға дейін құстардың тіршілік ету ұзақтығы шамамен 2 миллион жыл, сүтқоректілердің өмірі шамамен 600 мың жыл болған. Әрине, адам көптеген түрлердің жойылып кетуіне себепкер болған бұл процесті де тездетті. Бұлардың бірінші құрбаны ең ірі жануарлар болған. Европада осыдан 100 мың жыл бұрын адамдар көптеген жануарлардың, орман пілінің, алып бұғының, жүнді мүйізтұмсықтың және мамонттың қрып ке уіне тікелей қатынасты. Солтүстік Америкада шамамен 3 мың жыл бұрын адамдардың қатысуымен мастодонт, алып лама, үлкен ләйлік және т.б. хайуанаттар құрып кетті. Қазіргі адамның жер бетінде өмір сүріп келе жатқанына 40 мыңдай жыл болған. Ол мал өсірумен және егіншілікпен осыдан тек 10 мың жыл шамасында ғана шұғылдана бастаған. Сондықтан да қалған 30 мың жыл бойына тамақ пен киімнің көзі тек аңшылық қана болды. Европада шөппен қоректенетін ең ірі аңдар – мамонттар, алып бұғылар қырылып біткеннен кейін, олармен қоректенетін үңгір арыстаны, үңгір аюы да жойылып кетті. Жануарлардың белгілі бір түрі эволюцияның дамуында бір ландшафтқа я болмаса өсімдіктің бір түрлерінің арасында тіршілік етуге бейімделеді. Мысалы, қырғауыл, қопалы қамыс арасында және тікенекті бұталардың ішінде тіршілік етеді. Сол сияқты шөл және шөлейіт аймақтың сәні қарақұйрықты да айтуға болады..
-

- Ауыл шаруашылығының және басқа салалардың жедел дамуына байланысты жануарлар саны жылдан жылға азаюда. Бұрын Қазақстандағы мекендеген жабайы түйе, жабайы сиыр, жолбарыс, солтүстік бұғысы, құлан сияқты аңдарды бұл күндері кездестіру қиын. Оған мынадай деректі мысал келтіруге болады. Кейінгі 2000 жыл ішінде жер бетінен жануарлардың 110 түрі жойылып кетті. Енді осы құрып кеткен жануарларды уақыт өлшемімен салыстырып, қай кезеңде қалай өткендігін айта кетейік. 110 түрдің үштен бірі (38) XVIII ғасыр уақыт ішінде құрып кетіпті, келесі үштен бірі (36) тек өткен бір ғасырда жойылып кеткен. Ал қалған үштен бірі соңғы елу жыл ішінде құрып отыр. Мұның өзі бүкіл дүние жүзінде халықтың өсуімен бірге, бұрын болып көрмегенг қуатты техниканың күшімен жануарлардың тұрақты мекендерін халық шаруашылығына қажетті салаларға игеруіне байланысты. Жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Олар табиғаттағы заттар мен энергия айналымында негізгі рөл атқарады. Қазіргі кезде жер бетінде жануарлардың 2 млн-нан астам түрі белгілі, олардың ішінде тек жәндіктердің ғана 1 млн-ға жуық түрі бар. Жануарларды зиянды және пайдалы деп тек салыстырмалы түрде ғана жеке топтарға бөледі. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда дұрыс емес, өйткені табиғатта мүлде зиянды немесе мүлде пайдалы жануар жоқ. Табиғаттағы тіршілік тізбегінде олардың әрқайсысының өз орны бар. Қазіргі кезде жануарлар түрлерінің азаюына, негізінен, антропогендік факторлар әсер етеді. Ондай факторларға шектен тыс аулау, тіршілік ететін орта жағдайларының өзгеруі, ретсіз жерсіндіру, судың, топырақтың ластануы және т.б. жатады. Қазақстанда омыртқалы жануарлардың 835 түрі және омыртқасыздардың 100 мыңдай түрі кездеседі. Қазақстанда жануарларға арналған Қызыл кітап 3 рет (1978, 1991, 1996) жарық көрді..
-